

Банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғы капиталына қатысуға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 7 қазан N 326

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 4 ақпандағы N 46 қаулысымен бекітілген Банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғы капиталына қатысуға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғы капиталына қатысуға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғы капиталына қатысуға келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет

министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі Басқармасының

1999 жылғы 4 қазандағы
N 326 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1998 жылғы 4 ақпандағы N 46 қаулысымен бекітілген
Банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті
жүзеге асыратын ұйымдардың жарғы капиталына қатысуға
келісім беру туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар

1. Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Екінші деңгейдегі банктерге бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың жарғы капиталына қатысуға келісім беру ережелері".

2. Мәтін бойынша "Осы Ереже", "Осы Ережеде", " осы Ереженің" деген сөздер тиісінше "Осы Ережелер", "Осы Ережелерде", " осы Ережелердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. I бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "1-бөлім. Жалпы ережелер".

4. II бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "2-бөлім.

Банктердің кәсіптік қатысушылардың жарғы капиталына қатысуына келісім беру тәртібі".

5. III бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "3-бөлім.

Банктің кәсіптік қатысушылардың жарғы капиталына қатысу ерекшеліктері".

6. 3.1. тармақ алынып тасталсын.

7. IV бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "4-бөлім.

Қорытынды ережелер".

8. 1.1 - 4.2 деп белгіленген тармақтар 1 - 13 деп ауыстырылсын.

9. 2.1., 2.2. және 2.4. тармақтардың әріптермен белгіленген тармақшаларының номерлері жақшаға алынған араб сандарымен белгіленсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Оқығандар:
Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК